

ISSN 2310-3353



Қостанай  
мемлекеттік  
педагогикалық  
институтының

# ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 1  
2022

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 1 2022



OSPANULY, S., MYRZAGALIEVA, K.M., SATBAYEVA, A.T.

DEAR YOUNGER BROTHER AKHAN

*During the Soviet era, it was forbidden to speak or write about Gazymbek Beremzhanov, one of the leading figures in Alash.*

*Uncle Akhmet, Gazimbek*

*They leave the country, they all serve their Motherland.*

*They don't just walk like that*

*The fate of the people worries ...*

*This is an excerpt from a poem by Almagambet Ospanuly, which begins with the words «People have gone to the past». «Uncle Akhmet» in poems Tot by Baitursynov, but by Gazymbek's brother Akhmet Beremzhan. A poem about the descendants of Shegen. A. Birimzhanov died on January 5, 1927, on January 9 in the newspaper «Enbekshi Kazak» M. Dulatuly were published. This work by Ospanovich was written before 1927.*

*In the article, the life and work of G. Beremzhanov, we will talk about the fraternal and friendly relations between him and A. Baitursynov.*

**Key words:** «Alash», Alash Orda, teacher, student, nation, «Ak zhol», newspaper, figure, memory, journalist, publicist.

## ӘОЖ 8.81

**Канапина, С.Ф.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор*

**Мешітбай, А.Қ.,**

*«6B01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

## ЖАЗУШЫ ТАХАУИ АХТАНОВТЫҢ «МАХАББАТ МҰҢЫ» ХИКАЯТЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ

### Түйін

*Мақалада жазушы Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» хикаятындағы диалект сөздердің қолданыс ерекшелігі қарастырылады. Қазақ тіл біліміндегі диалект сөздердің зерттелу жайы да сөз етіледі. Шығармада қолданыс тапқан диалект сөздердің мағынасы диалектологиялық сөздік арқылы ашылады.*

**Кілт сөздер:** диалектология, ауызекі сөйлеу тілі, говор, диалект сөздер, диалектологиялық сөздік.

### 1 Кіріспе

Жергілікті сөздер – ауызекі сөйлеу тілінің элементтері. Ал сөйлеу тілі – әдеби тілдің қайнар көзі. Сондықтан ұлттық жазба әдеби тілдің қалыптасып, сөздік қазынасының толығуына диалектизмдердің орны, рөлі бар екендігі даусыз. Халықтың ауызекі тілі, халық диалектілері мен говорлары – әдеби тілімізді байытудың, оның сөз орамын, сөз саптау машығын нәрлендірудің қайнар көзі, құнарлы арнасы.

Қазақ диалектологиясы ғылымын сөз еткенде осы саланың бастау көзінде тұрған профессор Сәрсен Аманжолов пен Жұмат Досқараевтың, академик Нығмет Сауранбаевтың есімдері ерекше аталады. С.Аманжоловтың іргелі зерттеу еңбегі (1959), Ж.Досқараевтың монографиясы мен сөздігі (1955) тіл тарихы мен қазақ диалектологиясы саласында ашылмаған аралдардың көптігін көрсетіп берді. Сол жылдарда ғылым жолына түскен жас зерттеушілер Шора Сарыбаев, Ғабдолла Қалиев, Сапарғали Омарбеков, Әбілбек Нұрмағамбетов, Жамалбек Болатов, Оқас Нақысбеков, Тұрап Айдаровтар осы салаға бар ғұмырларын арнап,

іргелі еңбектер жазды, докторлық диссертацияларын қорғады, жаңа буын шәкірт дайындады. Зерттеу нысанының саралануына және сипатына қарай диалектология – сипаттама диалектология және тарихи диалектология болып екі салаға бөлінеді. Сипаттама диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің дыбыстық, грамматикалық, лексикалық құрылысын сипаттау, сол жайында жүйелі түсінік беру. Тарихи диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің, диалектілік ерекшеліктердің пайда болу сырын, тарихын зерттеу. Диалектологияның бұл екі саласы бір-бірімен тығыз байланысты [1, 1 б].

## 2 Материалдар және әдістер

Қазақ тілінде диалект сөздердің өздеріне тән ерекшеліктері болады. Сондай диалектілік ерекшеліктерді әр тұрғыдан топтауға болады. Мысалы, олар тарихи тұрғыдан, түп төркіні жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Таралу аумағы, құрылысы жағынан немесе ерте не кеш пайда болу жағынан да диалектизмдерді топ-топқа бөліп жіктеуге болады.

Диалектолог-ғалымдар Ш. Сарыбаев пен О. Нақысбеков «Қазақ тілінің аймақтық лексикасы» атты оқулығында жергілікті ерекшеліктердің төмендегі түрлерін көрсеткен:

1. Фонетикалық ерекшеліктер әдетте кейбір дыбыстардың өзара алмасуымен, сөздің жуан-жіңішке айтылуымен немесе кейбір дыбыстардың түсіріліп не қосылып айтылуымен байланысты. Мысалы: полат (болат), пысқан тамақ (піскен тамақ), құлдану (қолдану), чақыру (шақыру), т.б.

2. Грамматикалық ерекшеліктер әсіресе, сөздердің формаларымен, олардың түрленуімен немесе сөздердің тіркесуімен байланысты. Мысалы, оңтүстік аймақтарда бұйрық райдың барғын, келгін тұлғалары кездеседі. Батыс аймақтарында жіктік жалғаудың -сыңыз, -сіңіз (барсыңыз, келесіңіз) сияқты тұлғалары кездеседі.

3. Лексикалық ерекшеліктер қазақ говорларында бұл ең мол, жиі кездесетін ерекшеліктер. Бұл ерекшеліктер әдетте бір нәрсенің атауы не оның сын, сапа-қимылының әр жерде әртүрлі аталуымен байланысты. Мысалы, шелекпен су әкелетін иінағашты республикамыздың түпкір – түпкірінде 7-8 түрлі атайды: иінағаш – суағаш – әкпіш – күйенте – құрамыс – мойын ағаш, т.б. [2, 12-14 б]

Қазақ тіліндегі диалектілерді, сөйленістерді топтауда әр түрлі пікірлер болып келді. С. Аманжолов оңтүстік, батыс, солтүстік-шығыс сияқты үш диалект бар деген қорытынды жасады, Ж. Досқараев болса, қазақ тілінде екі үлкен сөйленістер тобы бар деп көрсетті. Олар: 1) Оңтүстік-шығыс сөйленістер тобы (Шымкент, Жамбыл, Алматы, Талдықорған, Қызылорданың оңтүстік-шығыс аудандары); 2) солтүстік-батыс сөйленістер тобы (Орал, Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе, Қостанай, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары). Н.Т.Сауранбаев (ш-ч, д-л дыбыстарының алмасуы негізінде) диалектілерді екі үлкен топқа бөлді: 1) Солтүстік – батыс облыстарындағы ш, д диалектілер тобы, 2) Оңтүстік және оңтүстік – шығыс облыстарындағы ч, л диалектілер тобы. Кейінгі зерттеулер мен экспедициялық материалдарға қарағанда С. Аманжоловтың пікірі сөйленістерді топтастыруы жағынан шындыққа жақындайтын сияқты.

Қазақ диалектілік ерекшеліктерін жинауға арналған бірінші экспедиция 1937 жылы профессор І. Кеңесбаевтың басшылығымен қолға алынды. СССР Ғылым Академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған алғашқы диалектологиялық экспедиция кезінде Нарынқол, Кеген, Нұра, Мақтаарал аудандарындағы тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктерге байланысты едәуір материалдар жиналды. Бұдан соңғы уақыттарда Қазақстанның басқа жерлеріне де экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Ғ.Ғ.Мұсабаевтың басқаруымен 1939 жылы Маңғыстау, 1940 жылы Орда қазақтарының тіліндегі өзгешеліктер зерттелді. Ұлы Отан соғысы кезінде бұл жұмыстың қарқыны біраз баяулағанмен, 1945 жылы Тіл мен әдебиет институтында қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім луымен байланысты халық тіліндегі өзгешеліктерді жинау жұмысы жандана түседі.

Халық тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектер жазылды. Ж. Досқараев, С. Аманжолов, Н.Т. Сауранбаев т.б. тілшілеріміздің диалектологияға қатысты

бірқатар мақалалары республикалық және одақтық баспасөз беттерінде жарыққа шықты. [3, 12-13 б]

### 3 Нәтижелер

Диалектология мәселелері жөнінде ең алғаш мақала жазған белгілі жазушы-ғалым Жүсіпбек Аймауытов еді. Оның «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 ж. 9 наурыздағы санында «Тіл туралы» деген көлемді мақаласы жарияланған. Автор: «Газет, журнал бетінде кейбіреулер «Кітап сыны» деп сөз жазады. Қазақтың әр елінде, әр губерниясында өздері ғана қолданатын, өзге елдер білмейтін тілдер бар. Мұны ілім тілінде «жергілікті тіл» деп атайды дей келіп, бір жерде киіз, әдейі, түндік, аула, терте // жетек, ершік, көпене // көмеле // мая, құдағи, енді бір жерде осы сөздер кигіз, әтейі, түндік, қора, әглөп, сөдөлке, скірт, құдағай болып айтылатынын сөз етеді. Одан кейін мұндай жергілікті ерекшеліктердің тілімізді шұбарлайтын және тілімізді байытатын түрлерінен біраз мысалдар келтіреді. [3, 120 б]

Осы күнгі ғалымдар қолданып жүрген «Жергілікті тіл ерекшеліктері» деген атауды алғашқы қолданған Ж. Аймауытов.

Диалект әдеби тілге қарағанда көне құбылыс, осыған орай онда әдеби тілде кездеспейтін тіл элементтері көп сақталып қалған. Зерттеу аясы бұрын диалектологияның әдеби тілден айырмашылықтарын анықтаумен шектеліп келген болса, кейінгі кезде әрбір жеке диалекті тілдің дербес жүйесі ретінде қарастырылып келеді. Жеке сөйленістер туралы кейінгі кезде бірнеше мақалалар, зерттеулер, кандидаттық диссертациялар, монографиялық еңбектер жазылды.

1944 ж. Оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері (Ж. Досқараев), 1948 ж. Қазақ диалектологиясының негізгі проблемалары (С. Аманжолов), 1954 ж. Арал говоры (Ғ.Қалиев), 1960 ж. Маңғыстау говоры (С.Омарбеков), 1963 ж. Шу говоры (О.Нақысбеков), 1964 ж. Қостанай облысындағы қазақтардың тілі (Ә.Байжолов), 1965 ж. Түркменстандағы қазақтардың тілі (Ә.Нұрмағамбетов), 1965 ж. Қарақалпақ АССР-дегі қазақтардың тілі (Н.Жүнісов), 1966 ж. Орда қазақтарының тіл ерекшелігі (Ә.Бөрібаев), 1967 ж. Өзбек ССР-нің Тамды ауданындағы қазақтар тілі (Т.Айдаров), 1968 ж. Қызылорда говоры (Ш.Бектұров), 1969 ж. Қарақалпақстанның оңтүстігіндегі қазақтардың тіл ерекшеліктері (Б.Бекетов), 1975 ж. Еділ бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер (А.Тасымов), 1985 ж. Диалектное значение слова в казахском языке, авторская диссертация к.ф.н. (М.С.Атабаева), 1992 ж. Батыс Сібір қазақтарының тіліндегі ерекшеліктер (Ш.Құрманалиева), 1998 ж. Ауған, иран қазақтары тіліндегі жергілікті ерекшеліктер (Б.Өтебеков), 1999 ж. Қазақ сөйленістеріндегі туыстық атаулар (Л.Жолдасбек), 2002 ж. Монғолиядағы қазақ диаспорасының тіліндегі фонетикалық ареал құбылыстарды салыстыралы зерттеу (А.Үдербаев), 2002 ж. Қытай қазақтары тілінің тұрақты тіркестеріндегі жергілікті ерекшеліктер (С.Мұстафаұлы), 2003 ж. Түркістан тұрғындары тілінің жергілікті ерекшеліктері (Б.Жүнісова), 2006 ж. Қазақ тіліндегі диалектілік лексикологияның этнолингвистикалық негізі (М.Атабаева), 2007 ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні (Ж. Мұхамбетов), 2008 ж. Сыр өңірі тіліндегі жергілікті қолданыстар (А.З.Есенбай), 2009 ж. Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты (Қ.Е.Есенова) зерттелді.

Қазақ диалектологиясының жеке сала болып қалыптасуына көп еңбек сіңірген ғалымдарымыз деп профессор С. Аманжоловты, филология ғылымдарының кандидаты Ж. Досқараевты атауға болады. [3, 128 б]

Қазақ диалектологиясы жөнінде алғаш мақала жазғандардың тағы бірі – профессор Қ. Жұбанов. 1935 жылы «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» деген мақаласында: «Қазақ тілі тұтас тіл, ол тұтастық XIV – XVIII ғасырларда қалыптасқан, ал қазақ тілінің диалектілері дегеніміз XIX ғасырда Ресейге қарағаннан кейінгі қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзіліп, әр ру, әр ауыл, әр үй жерге арқандала бастаған осы дәуірде пайда болды», дейді. [4, 323-329 б]

Соңғы кездегі деректерге қарағанда, Қ. Жұбановтың А.Н.Самойловичпен бірігіп экспедиция ұйымдастырып, оны Жетісу жерінен бастамақ болған жоспарлары, ғалымның бұл мәселеге де қызыға қарауынан туса керек. Қазақ диалектологиясының негізін салушы С. Аман-

жолов, Ж. Досқараевтардың да тіл ерекшеліктерін зерттеу нысаны етіп қолға алған өңірі де осы Жетісу еді. 1937 жылы І. Кеңесбаев басқарып бірінші рет ұйымдастырылған диалектологиялық экспедиция да осы Алматы облысының Кеген, Нарынқол аудандарынан басталған болатын. Міне, сол жылдардан бері Жетісу тұрғындары тілін зерттеу толастаған жоқ. [5, 7 б]

Зерттеуші Жүсіпова Бибихадша өзінің «Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері» атты еңбегінде мүмкіндігінше Жетісу өңіріне тән сөздер қазақ тілінің басқа аймағынан жиналған материалдармен салыстырылып, оның өзіндік өзгешеліктерін анықтаған. Олар мыналар:

1. Үй жай, қора-қопсы, бау-шарбаққа байланысты сөздер;
2. Киім-кешек, көрпе-жастыққа байланысты сөздер;
3. Ыдыс-аяқ атауларына байланысты сөздер;
4. Тағам атауларына байланысты сөздер.

Сонымен қатар Түркістанның басқа сөйленістерден айырмашылығын көрсету үшін диссертацияда Жетісу, Шу, Қызылорда сөйленістерімен, Шығыс, Орталық-Солтүстік және Батыс сөйленістер тобымен салыстырулар берілген. [6, 6 б]

Атабаева Мереке Сатылғанқызы «Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі» атты еңбегінде сөйленістер лексикасында сөйленіс иелерінің мәдени табын-түсінігін ұғынуға мүмкіндік беретін деректердің маңыздысы – үй-жай тақырыптық тобын құрайтын диалектизмдер екендігін атап көрсетеді. Мысалы:

Қара үй атауы Түрікменстанның Ашхабад, Ташауыз, Теджен аудандарында, Шиеліде, Қостанайдың Жанкелдин аудандарында кездеседі. Өзбекше – қора үй, түрікменше – гара өй киіз үй дегенді білдіреді. Сырдария бойының елі «киіз үй» деудің орнына, қазірге дейін «қара үй» дейді.

Жорған/жуырқан – көрпе мағынасында қазақ диалектісінің үлкен аймағын қамтиды. сен өз жорғанды жамылып жат (Қост., Об., Түрікмен., Таш., Қарақ.). Қонақ балаға жуырқанның қалыңын бер (Алм., Еңб.).

Бұжы – түрікмен, Маңғыстау қазақтарында жаңа сойған қой етін бүйенге тығып әзірлеген тағам. Шұжыққа тоймасаң, бұжыға тоясың (Маң.) [7, 4 б].

Ғалым Бизақов Сейдін өзінің докторлық диссертациясының “Лексикалық варианттар” атты тарауының “жергілікті ерекшелік және лексикалық варианттылық” деп аталатын бөлімінде диалектілер жайлы айтып өтеді. Келбет/сықпыт, шолан/шошала, ілгек/салытқа, тұмак/құлақшын, әмиян/шилан, сүзек/кезік, сүзгі/кәкпір, шәлі/желек, кебек/күрпі, жүгері/порми, көрпе/жұрқан, құлық/дейі, қолдаушы/дес, парықсыз/делқайыр, ылғи/деней, доғабас/айылбас, қайнаға/жәке, бөбешік/кішкене тіл жарыспаларының алдыңғы сыңары әдеби норма болса, соңғы сыңары баспасөзде сирек қолданылатын жергілікті сөйлеу ерекшелігіне жатады.

Ақын-жазушылар шығармасында ұшырасатын тұтанақ, үйірмекіл, бешкеш қылу, кәрләһат, қыжыл, жақамау, сапант, әукету, аңқа, мәнжүлік, әңгере, тәлейім, сәлдекен, мошқау, сімсік, сұқаңдату, алапа, салқар, сертиту, тауан, мауыздай, әспенсіт, желемік, моруғы, ішкертін дойыр, сапастық, шалт ету, ырсық қағу, күресін, құлдап кету, иянаттау, шырпы, қалбыр, қанар, шылапшын, даңғарадай, дәудірлеу, доғал, дойыр, жолай, ежіктеу, жертөле, қапталдау, леген, қамыр, ызбарлы, ықтиятты, ықтияр, ықтырма, шекер т.б. көптеген сөздер де говорлық дублеттер емес, едәуір кең аймаққа тараған мағынасы айқын дербес сөздер деуге толық негіз бар [8, 47-48 бет].

Мұхамбетов Жомарт Ибатоллаұлы «Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні» атты еңбегінде Батыс Қазақстан өңіріне тән диалект сөздерге зерттеу жасаған. Ол Батыс Қазақстан өңіріне тән материалдық мәдениетке қатысты этнодиалектизмдер былайша топтастырған:

1. үй-жай атауларындағы диалектизмдер; ыдыс-аяқ атауларындағы диалектизмдер;
2. киім-кешек атауларындағы диалектизмдер;
3. дене мүшелерінің атауларындағы диалектизмдер;
4. тағам атауларындағы диалектизмдер;
5. құрал-жабдық атауларындағы диалектизмдер;



6. жануарлар атауындағы диалектизмдер;
7. жер бедері атауларындағы диалектизмдер;
8. өсімдік атауларындағы диалектизмдер [9, 3 б].

Осы айтылған мәліметтерге байланысты диалект сөздер көптеген ақын-жазушылардың шығармаларында кездесіп жатады. Оған мысал ретінде мен Тахауи Ахтановтың шығармасын талдауға алдым.

Тахауи Ахтановтың «Махаббат мұңы» атты жинағындағы «Махаббат мұңы» хикаятындағы диалект сөздердің қолданысы мынадай:

1. «Кеудесін басқан зіл салмақ қозғалып кеткендей, алқынып, екі **иінінен** дем ала бастады.» (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 53 бет ).

**Иін** – иық. Гурьев, Теңіз ауданы, Орал, Орда. [Диалектологиялық сөздік 323 бет].

Бұл сөйлемдегі «иін» диалект сөзін жазушы адамның «иығы», екі иығынан дем ала бастағанын «иін» сөзімен алмастырған.

2. «**Ылди** жақ шиедей кілкілдеп тұр.» (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 54 бет).

**Ылди** – өсімдік атауы. Жезқазған облысы, Ұлытау ауданы. [Диалектологиялық сөздік 766 бет].

Көрсетілген мысалдағы «ылди» сөзі өсімдік атауында жұмсалып, сол өсімдіктің төңірегіндегі шиесі секілді кілкілдеп тұрғаны суреттеліп тұр.

3. Іші **бықырсып** тар қапас боп тұрған сандық таза ауаға, жарыққа кеудесін кеше ашып, рахаттанып тұрған тәрізді. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 55 бет ).

**Бықырсып** – бықсу, қоқсу. Қызылорда, Арал. [Диалектологиялық сөздік 194 бет].

Берілген мысалдағы диалект сөз бықсу, қоқсу сөздерімен мағыналас болып келеді. Тар қапас секілді сандықтың іші бықсып, қоқсығанын жеткізіп тұр.

4. Қысып ұстаған саусағына да шүберек астындағы **сабан** батып барады. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 56 бет ).

Сабан – сабағы қатты шөптен қалған қиқым. Орал, Орда. [Диалектологиялық сөздік 563 бет].

«Сабан» сөзінің мағынасы Орал және Орда өңірлерінде сабағы қатты шөптен қалған қиқым ретінде жұмсалады екен.

5. Қурап тұрған **шырпыдай** оттықты жақындатсаң-ақ лап ете қалады. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 58 бет).

**Шырпы** – сексеуілдің шабылып алынған жас кезі, сексеуілдің жіңішке басы. Түрікменстан, Ташкент, Көнеүргеніш, Тахта, Қызылорда, Теджен, Байрамалы станциясы, Қарақалпақстан, Алматы. [Диалектологиялық сөздік 756 бет].

Бұл мысалда «шырпы» сөзі сексеуілдің шабылып алынған жас кезі мағынасында қолданылып тұр. Яғни, шырпыдай деп теңеу ретінде де жұмсалып тұр.

6. Кішкене қаңқаға қара теріні қаптай салғандай **рабайсыз** арық.

**Рабайсыз** – өте, аса. Көкшетау облысы, Еңбекші ауданы. [Диалектологиялық сөздік 560 бет].

Мысалдағы диалект сөз Көкшетау облысы және Еңбекші ауданында өте, тым, шектен тыс мағынасында қолданылады екен.

7. Әлі **сілесін** қатырармын «Нарқоспақтың». (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 64 бет).

**Сіле** – қарғыс. Гурьев: Маңғыстау. [Диалектологиялық сөздік 610 бет].

Шығарма тіліне көрік бере түсу үшін жазушы Тахауи Ахтанов бірнеше диалект сөздерді қолданған. Солардың бірі «сіле» сөзі. Әдеби тілдегі «қарғыс» сөзінің баламасы болып келеді.

8. Қыз мінезі де қызық-ау, несіне **шәк** келтіріп, несіне шошыған!? (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 66 бет).

**Шәк** – күмән, шүбә. Семей облысы, Көкпекті ауданы. [Диалектологиялық сөздік 712 бет].

Мысалдағы «шәк» сөзі күмән, шүбә, күдік сөздерінің баламасы. Семей облысындағы Көкпекті ауданында кеңінен қолданылады.

9. Сол қыздың **ығын** алып, өзінің бетіне қарай алмай тайқақтаған Нияз. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 68 бет).

**Ығы** – реті, ыңғайы. Алматы облысы. Кеген ауданы. [Диалектологиялық сөздік 762 бет].

Ыңғай, реті деген сөздердің диалект ретінде жұмсалатын сөзі «ық», «ығын табу», «ығын алу» ретінде қолданыс тапқан.

10. Кешке таман үйде **шүңкиіп** жалғыз отыр. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 75 бет).

**Шүңкиіп** – бүрісу. Гурьев, Теңіз ауданы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы. [Диалектологиялық сөздік 744 бет].

Шүңкиіп яғни, бүрісу сөзімен мағыналас болып келеді. Тек шүңкию сөзі белгілі бір аймақтарда ғана, мәселен Батыс Қазақстан аймағында, әсіресе Гурьев, Теңіз ауданында, Солтүстік Қазақстанда, Қостанай облысында, Жангелдин ауданында қолданылып, диалект сөздер қатарына кіреді екен.

11. Ана Индияның Гандиі жан біткенді маңдайдан шертуге қарсы болса, мына Ганди **жұмырықтан** басқаны жұмсамайтын сияқты. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 82 бет).

**Жұмырық** – жұдырық. Гурьев, Маңғыстау, Есбол ауданы, Лебяжі ауданы, Павлодар облысы, Көкшетау облысы, Қызылту ауданы. [Диалектологиялық сөздік 298 бет].

«Жұмырық» сөзі Орал, Орда аймақтарында жұдырық сөзінің орнына қолданылса, жоғарыдағы сөйлемде де сол мағынада жұмсалған.

12. Бейне арнап қонаққа шақырған үйі қатықсыз қара көже беріп шығарып салғандай қатты **қонылтақсыды**. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 87 бет).

**Қонылтақ** – жұқа кепкен тезек. Алматы, Жамбыл. [Диалектологиялық сөздік 456 бет].

Қонылтақ сөзі бұрын-соңды естімеген диалект сөздердің қатарынан орын табады. Ал оның әдеби тілде беретін мағынасы жұқа кепкен тезек. Сөйлемде сол тезекке ұқсатып қолданылып тұр.

13. **Қаншырдай** қатқан денесіне ет те қосылмаған – тарамыс қара. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 88 бет).

**Қаншыр** – құс аты. Жамбыл, Жуа. [Диалектологиялық сөздік 411 бет].

Жамбыл өңірінде «қаншыр» сөзі құс атауын білдіреді. Берілген мысалда «қаншырдай» деп құс атауына тенеп тұр.

14. Ұзақ жыл үміт артып, алтын деп, көзінің қарашығындай сақтап жүргені **бақыр** болды. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 89 бет).

**Бақыр** – ұсақ тиын. Алматы, Жамбыл, Шу. [Диалектологиялық сөздік 140 бет].

Бұл сөйлемдегі «бақыр сөзі» ұсақ тиын деген мағынаның орнына қолданылған. Көрсетілген мысалдағы кейіпкердің еңбегі ұсақ тиындай бекер болғаны жайлы баяндап тұр.

15. Өтірік мұңайған кәдімгі **монтаны** кескін екен ғой онысы... (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 89 бет).

**Монтаны** – білсе де, білмегенсіп тұратын қу, арамза адам. Ресей Федерациясы, Орынбор облысы. [Диалектологиялық сөздік 515 бет].

«Монтаны» диалект сөзі адам бойындағы жағымсыз қасиетін сипаттайтын сөзге жатады. Сөйлемдегі мағынасы орнында дәл жұмсалып тұр.

16. Содан кейін **өртеңнің** орнындай қайта тазарған жүрегі үлкен сезімге, шынайы достыққа ашық болмақ. (Т.Ахтанов «Махаббат мұңы» 90 бет).

**Өртең** – лау бекеті. Монғол Халық Республикасы. [Диалектологиялық сөздік 546 бет].

Монғол Халық Республикасында лау бекетін «өртең» деп қолданады. Сөйлемдегі мағынасымен сәйкес келеді.

#### 4 Қорытынды

Әр халық үшін тіл – табиғаттың тұңғыш та таптырмас тамаша тартуы; тіршілік тірегі мен тот тигізбес тіні. Тіл құндылығын, қасиетін қастерлейтін халқымыз – «дінінді жоғалтсаң да, тіліңді жоғалтпа» дейтіні де содан. Тілдің жаны – оның құрамындағы сөздер. Диалект –

жалпы халықтық тілдің құрамындағы бір саласы деп ұғынған жөн. Диалектінің жеке-дара тіл болмай диалект аталуының себебі – ол жалпы бір тілге тән ортақ ерекшеліктермен қатар сол тілдің бір тармағы болып саналатын диалектінің өзіндік ерекшеліктерін қамтиды. Қазақ тілінің қазіргі даму сатысында диалектизмдер деп аталатын едәуір мол лексикалық топтар мен жергілікті фонетикалық, грамматикалық бірліктер бар. Олар, негізінде, әдеби тіл нормасынан тыс тұратын элементтер. Жергілікті тіл ерекшеліктері – ауызекі сөйлеу бірліктері, ал халықтың ауызекі сөйлеу үрдісі – жазба әдеби тілді толықтыратын көздердің бірі, сондықтан баламасы жоқ зат атауларын, кәсіпке, әр алуан шаруашылық ұғымдарына, әр өлкеге тән табиғатына және тағы да басқаларына қатысты сөздерді жергілікті сөйлеу тәжірибесінен – диалектизмдер құрамынан тандап алу процесін әлі де тоқтатуға болмайды. Диалектизмдер көркем әдебиетте суреткерлік құралдың бірі ретінде қолданылады. «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі» сияқты құнды материалдардың ішінен бүгінгі және ертеңгі жазба әдеби тіліміздің лексикалық қазынасын байытуға қажет бірліктерді іздестіру, іріктеу, тандап алу қаракетін жүргізе беру – алдағы міндеттеріміздің бірі ретінде саналады. Диалектизмдердің қолданыс қызметі тілдің даму барысындағы сипатымен жаңарып отырып, жаңа атаулық сипатқа ие болады. Сондықтан ғалымдар диалектілік лексиканы ұлттық әдеби тілді байыту жолдары деген тұжырымға келеді. Түп-тамыры халықтың ауызша сөйлеу тілінен тараған диалектілік лексиканы, бүгінгі күнгі қолданыстағы барын жинақтау, топтастыру тілді байыту көздерінің арналары болып табылады. Меніңше, диалектілерге тілдің керексіз элементтері ретінде ғана қарауға болмайды. Керісінше, олар бір кездердегі тіл тарихының куәлары, тарихтың бізге жеткен ізі, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың кәсіби тілінің ерекшеліктері.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. Алматы: Ғылым. 2002, – 159 бет.
2. Сарыбаев Ш., Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. Алматы, 1989, – 160 бет.
3. Тасымов А. Қазақ диалектологиясы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 159 бет.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым. 1999 – 211 бет.
5. Есимболова М. Жетісу сөйленістерінің лексикалық ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2003, – 30 бет.
6. Жүсіпова Б. Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2003, – 30 бет.
7. Атабаева М. Қазақ тіліндегі диалектілік лексикологияның этнолингвистикалық негізі. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы. 2006, – 50 бет.
8. Бизақов С. “Варианттылық және әдеби норма” Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты, Алматы – 2001, – 51 б.
9. Мұхамбетов Ж. Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған кандидаттық диссертацияның авторефераты. Алматы, 2007, – 30 бет.

*Материал редакцияға түсті 29.11.2021*

**КАНАПИНА, С.Г., МЕШИТБАЙ, А.К.**

#### **ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДИАЛЕКТИЧЕСКИХ СЛОВ В РАССКАЗЕ ПИСАТЕЛЯ ТАХАУИ АХТАНОВА «МАХАББАТ МУНЫ»**

*В статье рассматривается специфика употребления диалектных слов в повести писателя Тахауи Ахтанова «Махаббат муны». А также взято во внимание изучение диалектных слов в казахском языкознании. Значение диалектных слов, употребляемых в произведении, раскрываются диалектологическим словарем.*

**Ключевые слова:** диалектология, разговорный язык, говоры, диалектные слова, диалектологический словарь.



KANAPINA, S.G., MESHITBAI, A.K.

FEATURES OF USING DIALECTIC WORDS IN THE STORY OF THE WRITER TAKHAUI AKHTANOV "MAHABBAT MUNY"

*The article examines the specifics of the use of dialect words in the novel by the writer Takhaoui Akhtanov "Mahabbat of the Moon". The study of dialect words in Kazakh linguistics is also taken into account. The meaning of dialect words used in the work is revealed by the dialectological dictionary.*

**Key words:** dialectology, spoken language, dialects, dialect words, dialectological dictionary.

ӘОЖ 8.81

**Қанапина, С.Ғ.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор*

**Исмагамбетова, Ж.Б.,**

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

**Омарова, Д.К.,**

*«БВ01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті»  
оқу бағдарламасының 2 курс студенті*

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНДЕГІ ТЕҢЕУ  
СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

*Түйін*

*Теңеу – көркем мәтінде көрнекті орын алатын әсерлі сөз және затты, нәрсені, құбылысты немесе солардың белгісін, қасиетін, сапасын көрсететін көркемдік ұғым және көркем ойлаудың ұлттық ерекшеліктері жинақталған категория. Теңеу сөз образдарының ішінде ең жиі қолданылатын шоғыры болып саналады. Мақала Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесіндегі теңеу сөздердің қолданылу ерекшелігін зерттеуге арналған.*

**Кілт сөздер:** теңеу, повес, этнолингвистика.

**1 Кіріспе**

Теңеу – жазушының затты, құбылысты басқа затпен не құбылыспен салыстыра суреттеу арқылы, оның ерекше белгілерін ашатын әдеби көркемдегіш құрал. Теңеуді қолдану сөйлемді алуан қырлы етеді, мағынасына тереңірек енуге көмектеседі, бай бейнелі ассоциациялар туғызады.

Бекбосынова А. Х. «С. Мәуленов өлеңдеріндегі теңеу» атты ғылыми монографиясында теңеуге «Теңеу – күнделікті ауызекі сөйлеу барысында және көркем шығармаларда молынан қолданылатын тәсіл. Теңеуді қажет жерінде дәл қолдану, тың жана теңеулер жасау – кімнен болса да нағыз шеберлікті талап етеді. Өз орнында тұрған ұтымды теңеуден дүниенің тілдік бейнесін ғана емес, ақиқат дүние туралы хабар да аламыз. Теңеулердің көркем шығарманың эстетикалық қырын айқындаудағы қызметі де ерекше деуге болады. Теңеуді пайдалана отырып, ақын-жазушылар өз шығармасының көркемдік дәрежесін биікке көтереді, ақиқат болмысты толығырақ білуге мүмкіндік береді және теңеуге тілдік тұрғыдан талдау жасау арқылы әр ақынның өзіндік қолтаңбасын, дүниетанымын байқауға болады» – деп анықтама береді [1].

«Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді», – дейді З. Қабдолов [2].